

"Терроризм актісінің салдарынан жеке және заңды тұлғаларға келтірілген мүлдіктік зиянды өтеу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 28 тамыздағы № 877 қаулысына өзгеріс енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 1 қарашадағы № 700 қаулысы.

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Терроризм актісінің салдарынан жеке және заңды тұлғаларға келтірілген мүлдіктік зиянды өтеу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 28 тамыздағы № 877 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮАЖ-ы, 2013 ж., № 51, 715-құжат) мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Терроризм актісінің салдарынан жеке және заңды тұлғаларға келтірілген мүлдіктік зиянды өтеу қағидаларында:

4 тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Мүлдіктің құны мүлік иесіне Қазақстан Республикасының Бюджет кодексінің 19 және 20-баптарына, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 25 сәуірдегі № 325 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің және жергілікті атқарушы органдардың резервтерін пайдалану қағидаларына сәйкес жергілікті бюджеттерде ағымдағы қаржы жылына бекітілген көлем шегінде жергілікті атқарушы органдардың шұғыл шығындарға арналған резервтерінде көзделген қаражат есебінен жергілікті атқарушы органның ақша қаражатын төлеуі арқылы өтеледі."

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі*

Б. Сағынтаев